

жауының» еңбегі ретінде жойылып жіберілген [3]. Оларды іздеп тауып, жұршылыққа ұсыну кейінгі зерттеуші буынның алдындағы азаматтық міндет, ғалымдық борыш деп білеміз. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының қаламынан туған «Ұлы дала тұлғалары» атты топтамамен дайындалған Қ.Жұбановқа арналған бұл ұжымдық еңбек – ғалымдық борыштың, азаматтық міндеттің теңізге тамған тамшыдай өтеуі, ғылыми ізденістің нәтижесі!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М., Кенесбаев І. Қазақ лингвистикасының негізін салушы // «Қазақстан мұғалімі – Учитель Казахстана», 1957 жылғы 5 желтоқсан.
2. Құдайберген Жұбанов / Жалпы редакциясын басқарған филол.ғ.д., профессор М.Малбақов. – Алматы: «Шафран» ЖШС, 2013. – 528 бет. (Ұлы дала тұлғалары).
3. Сыздық Р. Ғалым-азамат (Профессор Құдайберген Жұбанов туралы). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. –68 бет
4. Кенжебаев К., Оралбай Ә. Құдайберген Жұбанов. Деректі ғұмырнама. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 280 бет.
5. Кекілбайұлы Ә. Ұлттық руханиятымыздың өзегі // Қ.Жұбановтың 100 жылдығына арналған «Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Астана, 1999. –30-34-бб.

ГТАМР 16.21.55

ЕСЕТ ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ ЖҰБАНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІРІ

А.Қ. ЖҰБАНОВ

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада белгілі филолог-ғалым Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың өткен өмірі мен ғылыми зерттеулері қысқаша сөз болады. Ғалымның тіл білімінің фольклортану, мәтінтану, лингвостилистика салаларының қалыптасып, дамуына қосқан үлесі жайлы айтылады.

Тірек сөздер: лингвостилистика, әдеби тіл, эпос, мәтінтану, термин, ұғым, төбетіл, фольклор тілі.

Аннотация. В статье в краткой форме идет речь о жизни и о научно-исследовательской работе д.ф.н., профессора Есета Кудайбергеновича Жубанова. Рассказывается о заслугах ученого в области фольклороведения, текстоведения и в области формирования лингвостилистики казахского языка.

Ключевые слова: лингвостилистика, литературный язык, эпос, текстоведения, термин, понятия, супердиалект, язык фольклора.

Annotation. The article in a brief form deals with life and the research work of Doctor of Philosophy, Professor Eseta Kudaybergenovich Zhubanov. It tells about the merits of the scientist in the field of folklore, textual studies and in the field of formation of linguistic stylistics of the Kazakh language.

Key words: linguostylistics, literary language, epic, textual studies, term, concepts, super dialect, folklore language.

Әкеміз Құдайберген Қуанұлы мен анамыз – Раушан Оспанқызы отбасында 6 бала дүниеге келген екен, олардың үшеуі – ұл (Ақырап, Есет, Асқар), ал қалған үшеуі – қыз (Мүслима, Қызғалдақ, Қырмызы).

Адам төзбес ауыр да қиын, жанқилы қиыншылықты көре жүре өскен аталған балалар өсіп-өніп, еліміздің белгілі ұл-қыздарының қатарына қосылғанына жұрт риза болады. «Текіден текті туар, мүйізі қарағайдай, тексізден тексіз туар, адам жылағандай» деп текке айтылмаған ғой қазақта.

Тұңғыш қызы Мүслима – филология ғылымдарының кандидаты, Ақырап болса – белгілі суретші, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, Есет – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қызғалдақ – экономика әрі саяси ұйымдастыру маманы, Қырмызы – шетел тілінің маманы болса, кенже ұлы Асқар – математика маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Құдекеңнің немересі Ардақ Есетқызы да – филология ғылымдарының кандидаты, басқа немерелері де жоғары білімді мамандар.

Есет ағамыз жайлы жеке айтатын болсақ, анамыз Раушан Оспанқызы сол кезде былай деп еске алады екен (Мүслима Жұбанованың кітабынан) [1, 68-71-бб...]: «... Есет те Ақтөбеде туды. Ол Ақыраптай емес, алпамсадай ірі, қол-аяғы балғадай болып дүниеге келіпті. Содан болу керек, әкеміз бен анамыз той жасап, атын Есет қойған екен. Ақтөбе өңірінде аты әйгілі екі Есет болыпты. Бірі – ақылгөй, әулие Есет, ал екіншісі – шекті, батыр Есет. Екеуінің де елге еңбегі сіңген тәрізді, өйткені бейітінің қасынан өткен орыс-қазақтар сәлемдеспей өтпейтін көрінеді. Аты Есет болғандықтан ба, біздің Есет еркелеп өсті... Күйгелек мінезіне қарамай, Есет өте ақылды болды. Бала күнінде-ақ үлкен адамша сөзді тауып сөйлейтін. Сегіз жасынан бастап өлең шығаратын болды. Күлдіргі, қу тілді еді. Балалардың үлкені Мүслима апамыз «Жұбановтар әулеті және заман белестері» атты кітабында былай деп жазады: «Табиғаты ойын-күлкіні ұнататын жарқын мінезді Есет інім студенттік шағында көңілсіз, тұнжыраңқы болды. Оның себебі, ҚазПИ-дің профессорларының кейбіреулері өз сабақтарында біздің әкемізді жамандаумен болыпты. Бұл Есетке ауыр тиіп, кейде шыдамай сабақтан шығып кететін күндері де болса керек. Соған

қарамай ол үнемі беске оқиды. Бірақ институт бітіргенде оған үздік диплом берілмейді. Институт қабырғасында ол әдебиет үйірмесіне қатысып, өлең жазады. Сәбит Мұқановтың елу жасқа толуына байланысты әдеби кеште Есет өзінің Мұқановқа арнаған өлеңін оқиды. Өлең тыңдаушыларға да, Сәкенге де (Мұқановқа) да қатты ұнайды. Бірақ үйірме бастықтары үйірме жиынында Есетті сынап, «сен ақын емессің» деген қорытынды жасайды. Содан кейін ол әдебиет үйірмесін тастап кетеді.

Институтты бітіргеннен кейін Есет аспирантураға түспек болып, академияға арыз береді. Академия да Есетті аспирантураға қабылдамайды. Өйткені 1951 жылдар қазақ интеллигенттері Кенесарыға байланысты қуғынға ұшыраған кез болатын. Жүрегінің оты бар, білімі, талабы бар жас адам үшін бұл аз соққы болған жоқ» [1, 69-70-бб.].

Енді Есет ағамыздың ҚазПИ-де оқып жүрген студенттік кезінен аздап естелік айтсам деймін. Бұл кезең менің ауылдан Алматыға қайтып келген кезіммен сәйкес келеді. Бұл мезгіл Мүслима апай, Ақырап ағай мен Есет ағайдың және Қызғалдақтың Алматыда оқуларын жалғастырып жатқан кездері болатын. Әкемнің інісі Ахмет ағайдың көмегімен мені де ұлдарға арналған №18 қазақ мектеп-интернаттың 4-сыныбына қабылдаған болатын. Бұл интернатта жатып, әкемнің кіші інісі Мұхамедидің Мұрат деген ұлының оқитынын естіп қуанып кеттім. ҚазПИ-де оқып жатқан Есет ағам менің қалымды сұрап келіп тұратын немесе өзінің жатақханасына шақырып алып, мені киноға апарып, қала ішінде қыдыртып көңілімді көтеріп тұратыны осы уақытқа дейін есімде қалыпты. Мен бұл интернатта 2 жыл ғана оқыдым, ал сосын Петропавл қаласына жолдамамен барып жұмыс істеп жатқан аға-апаларымның және анамның қасына барып, Калинин атындағы қазақ мектеп-интернатта оқуымды жалғастырдым.

Алматы мектеп-интернатында оқып жүрген кезімде мен ҚазПИ-де Есет ағаммен жатақханада бір бөлмеде жатқан, бір топта оқыған Телғожа ағай, Айтым ағай, Оқас ағай және т.б. жолдастарымен таныстым. Олар мен үшін бірге туған ағаларымдай болып кетті десем де артық болмайды. Аттары аталған ағайлар Институтты бітіргеннен кейін ҒА Тіл білімі институтында да Есет ағаймен бірге қызметтес болды. Осы баяндамамда қазірдің өзінде 90-нан асқан жасында Тіл білімі институтында менімен де бірге істеп, бірге туғандай болып кеткен Телғожа Жанұзақов ағайдың Есет ағам жайлы кейбір естеліктерін айта кетсем деймін. Телғожа Жанұзақовтың айтуынша [2, 8-14: Т.Жанұзақ. Әке аманатын ақтаған ғалым.]: «... Есет студент кезінде тым ұяң, көбіне өзімен-өзі болатын. Оның көңілінде жабырқау мен мұңаю байқалатын. Бірақ та біздер оған аса мән бермей, оны әңгімеге қосып, әзіл-қалжыңға сала беретінбіз. Арамызда өте сыйлы да құрметті болды. Жүріс-тұрысы

салмақты, өте сабырлы, мінезі ауыр, бойында желікпе қасиет жоқ, тойған қозыдай боп жүретін. Оны 3-курста староста етіп сайладық. Сенімімізді ақтады да.

Есетпен бірге, бір курста төрт жыл оқып жүріп, әкесінің белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, қазақ тіл білімінің көшбасшыларының бірі, көрнекті профессор Қ. Жұбанов екенін мүлдем білмедік, өйткені ол кісінің есімі аталмаған ғой сол кезде. Тек 1957-ж. қара жаладан ақталғанда ғана толық хабардар болдық емес пе?!» – дейді Телғожа Жанұзақов ағамыз.

1951 ж. біздер институтты бітірген соң Есет Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласына жолдамамен кетті. Мектепте екі жыл мұғалім, содан соң облыстық оқу бөлімінде қызмет атқарып, білім беру саласында табысты еңбек етті. Есет 1954 жылы Алматыға қайтып келіп, өз бетімен «Қазақстан мұғалімі» газетіне қызметке тұрады, газетте жақсы тілші болып көзге түседі, әрі ол аудармамен айналысады. Бір күні Есеттің орыс тілінен қазақ тіліне аударған жұмысы Академияның вице-президенті Сақтаған Бәйішевтің көзіне түседі, әрі оған қатты ұнайды. Бәйішев Есетті шақырып алып, Академияға қызметке алады. Аспирантураға ол тек әкеміз ақталғаннан кейін ғана түседі. Академияға барған Есет әкесінің еңбегін жинастырып, жарыққа шығару ісімен шұғылданады, кандидаттық диссертация қорғайды. Ақыры ол доктор, профессор болады. Ақтөбеге барып, Құдайберген Жұбанов атындағы университетте кафедра меңгереді. «Жұбанов тағылымы» атты зертхананы басқарады, тіл тағылымынан бірнеше кандидат, докторлар дайындайды. Есет 2007 жылы сәуір айының 4-жұлдызында науқастан қайтыс болады. Қазір ол Ақтөбе облысы, Жаңа тұрмыс ауылындағы Ақжардағы үлкен аталарының қасында, кенже ұлы Айбегін қойнына алып, мәңгі ұйқыда жатыр.

Әрі қарай, егер Шерубай Құрманбайұлының сөзімен айтатын болсақ, ол [2, 3-5: Ш.Құрманбайұлы. АЛҒЫ СӨЗ]: былай дейді: «... Есет Құдайбергенұлы Жұбанов – қазақ тіл білімінде өзіндік орны бар тұлғалардың бірі. Туған әкесі – қазақ академиялық тіл білімінің қалыптасып, дамуына аса зор еңбек сіңірген ғалым, еліміздегі тіл білімінің тұңғыш профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың жолын қуған Есағанның кең ауқымды білімі мен білігі, шын мәніндегі филологиялық зердесі тілші қауымға етене таныс құбылыс. Е.Жұбанов – қазақ тіл білімі мен түркітанудың алуан түрлі салалары бойынша жұмыс жасаған ғалым. Идиоэтикалық лексика қатарына кіретін ұғым атауларының этимологиясынан бастап, ағымдағы тілдің сөздігін жасау ісіне дейін араласып, өз қолтаңбасын қалдырған. Мәселен, ол қазақ тілінің екітілді аударма, біртүрлі түсіндірме сөздіктерін түзу ісіне атсалысқан ғалым» ... [2, 3-5: Ш.Құрманбайұлы. АЛҒЫ СӨЗ].

Есет Жұбановтың ғылым жолында атқарған қызметіне қысқаша тоқталатын болсақ, оның тіл білімінің фольклортану, мәтінтану, лингвостилистика салаларының қалыптасып, дамуына қосқан үлесі бір төбе. 1957-1991 жылдар аралығында ҚР ҰҒА Тіл білімі

институтында ғылыми қызметкер, аспирант, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер болып қызмет етті. Академик І.Кеңесбаевтың жетекшілігімен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының тілі жөнінде» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, «Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғағанын және 150-ден астам ғылыми еңбектің авторы екендігін айта кетуге болады. Сонымен бірге Шерубай Құрманбайұлы былай дейді: «Есет Құдайбергенұлы Жұбанов тіл білімінің бірнеше саласы бойынша, атап айтқанда, әдеби тіл, қазақ әдеби тілінің тарихы, мәтінтану, лингвостилистика т.с.с. салалары бойынша өнімді еңбек етіп, өз қолтаңбасын қалдырған ғалымдардың бірі. Ғалым әдеби тілдің бастау көздерін халықтың ауыз әдебиет үлгілерінен бастап, эпос тілін, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» тілін талдайды. Ауыз әдебиеті тілін сипаттай отырып, ғалым оның көне түркі жазуларымен арақатысын, ұқсастығы мен ерекшеліктерін нақты мысалдар арқылы дәйектейді. Сондай-ақ миф элементтерінің эпос тіліндегі қолданысына тоқтала отырып, олардың арасындағы сабақтастықты, байланысты сөз етеді» - дейді Шерубай Құрманбайұлы [2, 3-б.].

Есет Жұбановтың ерекше ден қойып, зерттеген салаларының бірі – текстология. Жалпы түркітанудағы, оның ішінде, қазақ тіл біліміндегі тың салалардың алғашқы қарлығашы бола білген ғалым текстологияға теориялық тұрғыдан қарап, кезек күттірмейтін аса күрделі мәселелерді сөз еткен екен. Ғалым Е.Жұбанов шәкірттерінің бірі М.Малбақовпен бірлесе жазған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосының текстологиясы» атты еңбегінде аталған жырдың сонау 1876 жылы шығыстанушы И.Н.Березин баспадан шығарған нұсқасы мен Ы.Дүйсенбаев, Ә.Марғұлан жариялаған басылымдары өзара салыстыра отырып, жырдың тарихи хронологиясын сақтай отырып, әр басылымның өзіндік ерекшелігін, түпнұсқадан ауытқыған, сөздердің қате оқылған тұстарын анықтауға тырысады. Сол арқылы көне жырдың сыни мәтінін жариялайды. Қазақ тілінде текстология мәселелерін алғашқылардың бірі болып сөз еткен ғалым еңбектерінде осы ғылым саласының теориясы мен практикасына қатысты негізгі терминдер мен ұғымдар жүйесін қалыптастыруға атсалысқандығы анықталып отыр [2, 4-б.].

Ф.ғ.д., профессор Есет Құдайбергенұлы Жұбанов ғылымның келелі мәселелерін сөз етумен қатар Қ.Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінде ұстаздық етіп, шәкірт тәрбиеледі. Әкесі, репрессия құрбаны болған профессор Қ.Қ.Жұбановтың жолын қуып, қазақ әдеби тілін жан-жақты зерттеумен қатар университеттегі «жұбановтану» зертханасының меңгерушісі болып қызмет етті. Осылайша, ғылыми зертхананың қазақ филологиясының өзекті мәселелерімен айналысатын үлкен ғылыми орталыққа айналуына зор еңбек сіңірді. Ғалымның жетекшілігімен бірнеше кандидаттық диссертация қорғалды. Шәкірттер ұстаз

сенімін ақтап, еліміздің түрлі жоғары оқу орындарында, білім ошақтарында табысты еңбек етуде [2, 4-6.].

Енді филолог ғалым Бабаш Әбілқасымовтың «Фольклор тілін түбегейлі зерттеген» атты мақаласынан үзінді келтірейік: «... Есет аспирантураны бітірген соң Алматыдағы Ғылым академиясының Тіл білімі институтында тұрақты жұмысқа қалдырылды. Сөйтіп, біз Есағанмен 30 жылдай бір ұжымда, бір бөлімде бірге жұмыс істедік. Диссертациясын аспирантураны бітіргенсін 5-7 жыл кейін қорғады, алғашқы монографиясын одан 10 жыл өткенде жариялады.

Мұның себебі, менің ойымша мынада болса керек.

Бұл кезде Есет жалған жаладан ақталған әкесі Құдайберген Жұбановтың кезінде шашылып кеткен мұрасын (ғылыми еңбектерін) жинау, оны латын графикасынан қазіргі алфавитке түсірумен, сондай-ақ ол кісінің мүшел тойларын ұйымдастыру жұмысымен айналысты. Екіншіден, Есет көңілшек болатын. Қазақша, орысша жақсы білетін айтулы стилист болғандықтан, диссертация қорғайтындар не жұмысын, не авторефератын Есетке қаратып алуды дәстүрге айналдырған. Міне, Есет олардың көңілін қалдырмай, олардың жұмысымен айналысуға көп уақытын жұмсайтын.

Жалпы, Есетті институт ұжымы үлкені бар, кішісі бар қатты сыйлайтын. Оған өзінің адамгершілік қасиеттерімен қатар қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Құдайберген ағаның баласы екендігі және жетекшісі Ісмет Кеңесбаев ағаның болуы да белгілі дәрежеде себепші болған болуы керек. Бір кезде Құдекеңе шәкірт болған Мәулен ағай, Ғайнекеңдермен Есет құрдастарынша әзілдесетін.

Біздің бөлімде істеген жылдары Есет бір ақ проблемамен – қазақ ауыз әдебиеті тілінің мәселелерімен шұғылданды. Өзі кандидаттық диссертация қорғаған «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырын жан-жақты зерделеумен қатар жалпы эпостың сыр-сипатын анықтауға көп күш жұмсады. Қазақ тіл білімінде фольклор тілін алғаш қолға алған да, одан сүбелі еңбек берген де – Есет Жұбанов болатын. Бұл проблема түркі тілдерінде де қолға алынбаған шаруа екеніне біз 1982 жылы түркітанушылардың кеңестік комитеті Мәскеуде ұйымдастырған әдеби тілге арналған симпозиумда көзіміз жетті, – дейді Бабаш Әбілқасымов.

Есет өз баяндамасында ауыз әдебиеті шығармаларының, оның ішінде эпос тілінің әдеби тілдің алғашқы үлгісі, бастауы болатынын дәлелдеп берді.

Симпозиумды қортындылаған сөзінде де түркітанушылардың кеңестік комитеті төрағасының орынбасары Э.Р.Тенишев Е.Жұбановтың баяндамасына ерекше тоқталып, оның келтірген тұжырымдары мен уәждерін қолдайтынын білдірген еді.

Е.Жұбанов қазақ тіл білімінде ауыз әдебиеті тілін алғашқы және түбегейлі зерттеуші ретінде тіл тарихында аты қалды. Ол қазақ ауыз әдебиеті тілінің қыр-сырын жан-жақты,

толық зерделеген ғалым еді, оның бастап кеткен проблемасын әрі қарай жалғастыратын жас ғалымдардың шығуын күтеміз дағы ...» [2. 14-16-бб.].

Филология ғылымдарының докторы, белгілі ғалым Нүргелді Уәлиұлының «Эпос тілі өрнектерінің әдеби тіл тарихымен өзектестігі» атты мақаласында Есет Жұбановтың ғылымдағы орны жайлы мынадай ой таратады [2. 17-21-бб.]:

«... Қазақ әдеби тілінің тарихы жөнінде 1980 жылдардан бері дәстүрлі көзқарастан бөлек, жаңа бір бағыт ұстанған тың тұжырымдар айтылып, фольклор мұраларының тіліне жаңа қисынмен қарайтын зерттеулер жарық көре бастады. Фольклор тілі, әсіресе эпос тілі, атап айтқанда бұрын тек жалпыхалықтық тілдің дерегі, кейде диалектологиялық материал ретінде тексерілсе, ендігі жерде оны диалектілдерден астам тұратын төбетіл (супердиалект) тұрғысында тексеру мәселесі қолға алынды. Осы айтылған жайтқа Есет Жұбанов кездейсоқ келген жоқ. Қазақ эпосы тілінің ерекшелігін зерттей отырып («Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының тілі. 1966 ж. қорғаған кандидаттық диссертациясы) оның диалектаралық сипатын ашты [6]. Эпос тілінің белгілі бір диалектімен шектелмейтіндігі, қолданылу ауқымы жағынан оның кез келген диалектіден жоғары тұратын ерекшелігін «Эпос тілінің өрнектері» монографиясында талдап, ондағы көне қолданыстардың сипатын жалпыхалықтық тіл деректерімен салыстыра қарайды. Эпостық шығарма халықтың эстетикалық талғамын, қоғамдық ой-санасын, дүниетанымын бейнелейді. Мұндай жүкті жалпыхалықтық деңгейге көтерілген, диалекті аясынан жоғары тұратын және тілдік құралдарды елеп-екшеп, кесіп-пішіп қолдану дәстүріне ие болған тіл ғана атқара алады.

Зерттеуші эпос тілін тексерудегі ізденістерін жуырда ғана Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері» (1989) атты коллективтік монографияның кіріспе бөлімінде [1-16], «Фольклор тілінің әдеби сипаты» [7, 57-91] тарауында тереңдете түседі. Осының нәтижесінде қазақ филологиясында да жалпыхалықтық тілдің төбетіл деп аталатын ең көне формасы бар деген тұжырымға келеді. Оны жалпыхалықтық тілдің өзге де формаларымен (диалектілермен) салыстырады.

Зерттеушінің төбетіл (супердиалект) деп отырғаны «қарым-қатынастың дағдылы қалпынан жоғарылап, лайықты өңдеулер арқылы биік деңгейлерге жеткен ауызекі поэзияның, діни рәсімдердің, ауызша заңдардың (правоның) өзіндік тілі, келе-келе бұл секілді жоғары тілдердің лексикалық қабаттары, фразеологиясы, өзіндік синтаксистік жүйелері қалыптасады». Ауызекі поэзияның жанрлары, эпостық шығармалар, шешендік сөздер осы аталған төбетілдің үлгісі болып табылады. Зерттеуші төбетілдің екі типін ажырата қарайды. Төбетілдің жоғарыда аталған түрінен басқа «әркелкі диалектілік тіл айырмаларының шоғырланып, бұрынғы тар көлемді томаға-тұйық дағдыларынан арылу

жолымен жасалған типі» руаралық койне түрі де болады. Қазақ әдеби тілінің негізі, кейбір зерттеушілер айтқандай, тірек диалекті емес, одан ауқымы кең, әрі жоғары тұрған әдеби тіл дәрежесіндегі төбетіл болды деп әдеби тіл тарихы көздеріне қатысты күрделі мәселенің күңгірт жақтарын айқындай түседі. Сонымен зерттеушінің пайымдауынша, төбе тілдің бірінші типі қазақ әдеби тілінің қалыптасуына негіз болған ...» - дейді филология ғылымдарының докторы, профессор Нұргелді Уәлиұлы [2. 17-21-бб.].

Құрметті ағайым Есет Жұбанов тек өз басын ғана ойламай, туыстарына да әр уақытта қолынан келген көмегін көрсетіп тұрды. Осы орайда ойламаған жерден 1955 жылы менің басыма түскен қиыншылықты Есет ағамның көмегімен шешілгені жайлы қысқаша сөз етпекпін. Аға-апаларым институт бітіргеннен кейін жолдамамен Солтүстік Қазақстан облысындағы Петропавл қаласында қызмет істеп, анамызды, мені, Қырмызыны өздерімен бірге алып, сол жақтың орта мектебінде оқып, оныншы сыныпты сол жақта тамамдауға тура келді. Мен көптен ұнататып, армандайтын жоғары оқу орны, ол Алматыдағы Кен-тау (горный) институты болатын. Құжаттарымды сол оқу орнына тапсырып, түсу емтихандарын да сол жерде тапсыра бастадым. Мектепте жақсы оқығандықтан болар, мен барлық емтихандарды жоғары бағамен тапсырып, Кен-тау институтының «маркшейдер» деген мамандығына қабылдандым. Бірақ қуанышым ұзаққа бармай, бір жетіден соң мені «халық жауының баласы» деп қабылдамай қойып, ауыр қайғыға салды. Әкемнің інісі академик Ахмет Жұбанов мені қайта қабылдауына барлық әрекетін жасап көріп еді, бірақ одан да ештеңе шықпады. Әрі өзім әрекет етіп «Байланыс техникумын» таңдап, барлық құжаттарымды сонда өткізіп қойған болатымын. Сол кезде Есет ағамыз КазПИ-дің сол кездегі ректоры Мәлік Ғабдуллинмен сөйлесіп, мені физика-математика факультетіне қабылданатын етіп шешім шығарып қойғанын айтқан болатын. Сөйтіп мен, ойламаған жерден, Есет ағамның арқасында математик маманы болып шыққанымды айтқым келеді. 10 жылдай жоғары оқу орындарында математикадан дәріс оқып, Есет ағамның өтінішімен әкемнің ғылымдағы жолын таңдап, қазіргі кезде филология ғылымдарының жаңа саласы математикалық тіл білімінің докторы, профессоры деген ғылыми атаққа ие болдым. Осы жетістіктерім тек Есет ағамыздың арқасында ғана деп айтқым келеді.

Тағы бір айта кетейін дегенім, Есет ағамыздың ғылым жолында да «сегіз қырлы бір сырлы» қасиетінің болғандығы туралы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында бірге қызмет істеп жүрген кездерде менің шұғылданып жүрген салама да қызығушылық білдірді. Әсіресе, «статистикалық лингвистика» саласымен танысып, бұл саланың әкеміз Құдайберген Жұбановтың зерттеулерінде кездесетінін айтқан болатын. Менің зерттеулеріме де қызығушылық білдіріп, біздер баспадан шығармақшы болып жатқан «Қазақ тексінің статистикасының» 2-шығарылуында өзінің «У истоков идеи математизации

лингвистических исследований (количественный анализ элементов речи)» атты мақаласын жариялады [8, 12-21- бб.].

Сөз соңында айтайын дегенім, белгілі ғалым Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың қазақ тілі ғылымына қосқан үлесі, қыруар ғылыми еңбегі тілші қауымы үшін ұмытылмақ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұбанова М.Қ. Жұбановтар әулеті және заман белестері / - Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. -160 бет.
2. Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері /Жауапты редактор **Ш.Құрманбайұлы.** – Алматы, «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2011. – 284 б.
3. Жұбанов Е.Қ. Эпос тілінің өрнектері. -Алматы, Ғылым, 1978.
4. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. -Алматы, 1959. –Б. 272-300
5. Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы (бес томдық). -Алматы, 1963, 1 т.
6. Жұбанов Е.Қ. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» тілі. -АҚД. Алматы, 1967.
7. Жұбанов Е.Қ. Фольклор тілінің әдеби сипаты // Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. - Алматы, «Ғылым», 1989.
8. Джубанов Е.Х. У истоков идеи математизации лингвистических исследований (количественный анализ элементов речи) // Статистика казахского текста. Выпуск II: (Труды группы автоматизации лингвистических исследований). – Алма-Ата: Ғылым, 1990. -208 с.

ҒТАМР 16.21.55

ҒАЛЫМ ЕСЕТ ЖҰБАНОВ – ЭПОС ТІЛІН ЗЕРТТЕУШІ

Н.А. САДУАҚАС

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе

Аңдатпа. Мақала қазақ фольклорының тілін лингвостилистикалық аспектіде зерттеген ғалым Е.Қ.Жұбановтың ғылыми шығармашылығы туралы.

Түйінді сөздер: Әдеби тіл, сөйлеу, фольклор, диалект, эпос, халық әдебиеті, жер-су атаулары, жазба тіл.

Аннотация. Статья о научном творчестве Е.К.Жубанова, исследовавший язык казахского фольклора в лингвостилистическом аспекте.

Ключевые слова: Литературный язык, речь, фольклор, диалект, эпос, казахская литература, топонимика, письменный язык.

Annotation. The article is devoted to E.K.Zhubanov's scientific study of the Kazakh folklore in a linguastylistic aspect.

Key words: Literary language, speech, folklore, dialect, epos, Kazakh literary, toponymy, written language.